

Егемен Қазақстан

Нәтижесі құпталса, жаңашылдық жақсы

Жыл басталғанда алда он екі ай бар деп арқаны кеңге салып, той-думанмен алғашқы күндерді артқа тастаған соң, уақыт шіркін, оқтай зулап, айды ай аттап, жыл соңына қалай жеткенінді білмей қаласың. Биыл да солай болып тұр.

Осы жыл ішінде білім мен ғылым саласы бойынша не істелді дегенге келер болсақ, жар салып айтқан реформалар барысындағы жаңашылдық, ол туралы алуан түрлі пікірлер легі есіңе түседі. Нәтижесі нақтыланбай, қорытынды түйін жасалмай, тыңнан түрен салған ұмтылыстар алдан шығады. Әрине, дәуір көшіне ілесу үшін ізденіс керек. Тек оған дайынбыз ба, бастап жіберіп орта жолда қалдырып кетпейміз бе деген екіұшты сұрақтың түп-тамырына үніліп барып қадам бассaq, селкеу ойға жол берілмесі анық. Білім және ғылым министрлігінің басты жетістігі деп әртүрлі жолмен жазылып, әртүрлі жолмен мектептерге «кіріп» кеткен баламалы делінетін кітаптарға тыйым салынып, базалық оқулықты түбегейлі енгізуі дер едік. Бұл ұрпақ үшін ұтымды іс болғаны ақиқат.

Басты айтарымыз, жаңартылған оқу мазмұнында білім беру бастамасы, яғни барлық мектептерді функциялық сауаттылыққа бейімдейміз деген тәсіл жалғасын тапты деуге болады. Бұл үрдіс биыл 2, 5, 7-сыныптарда іске асты. Төрт жылға жоспарланған жұмыс алдағы үш жылда барлық сыныптарда шешімін табады. Мұның арқауы қайда жатыр дегенге келсек, мектептегі басты тұлға мұғалім дей отырып, заман талабына қарай ынталы, үнемі жетекте жүре бермейтін, өзіндік көзқарасы бар, алған білімін тіршілігіне қолдана алатын, жақсы дағдыны санасына сіңірген оқушыны қалыптастыру болып табылады. Бастысы, мұғалім мен бала арасындағы бірлік алтын арқауға айналады. Бұған ата-ана өз үлесін қосады. Бірақ бұл келісті жұмысқа кейде кедергі келтіретін жағдайлар мұғалімдердің әзір болып шықпауы, оқу базасының кемдігі, оқулықтардағы ала-құлалық, тағы басқалар. 12 жылдық оқуға көшу жұмысын биыл 0-11 бойынша атқаруға ниеттендік. 12 жылдықтың іргетасы 0 сынып мектептерде, балабақшаларда ашылды. Сол балабақшалардағы бүлдіршіндер келесі жылдың бірінші сыныбына хат танып, есеп шығаруды бес саусағындай меңгеріп келіп жатса құба-құп дейік. Сол секілді бес күндік білім беруге көшудің нормаларын Білім және ғылым министрлігі бекіткен еді. Оны жүзеге асыру қиынға соққанын бүгіп қала алмаймыз. Бұрынғы бір күнгі бес-алты пән жеті-сегіз пән сабағына созылып, бұдан құтылу үшін негізгі пән мен қосымша пәнді анықтап алу керектігі талайдың басын қатырып, соңында жоғарыдағылар мектеп басшылары мен мұғалімдерге сілтеп қия бетке шыға берді. Мұғалімдер оқушыларға үй тапсырмасын бермеу жайы да әралуан пікірге арқау болды. Тағы бір тың тыныс, білім ұяларындағы қамқоршылар кеңесі. Бұл дегеніміз мұғалім- ата-ана-оқушы бірлігі бюджет пен қайырымдылық қаржысын ынтымақта іске асыру еді. Құптауға болады. Өзіміз үлгі тұтатын

елдерде білім ісіне қамқорлық жасаушылар өте көп. Қамқоршылар кеңесі үлкен рөл атқарады. Сол бізге де жұғысты болса, талай тірлік оңалары хақ. Үш ауысымда білім беретін мектептердің жағдайы да ойлануға тұрарлық. Әсіресе бұл қалаларда оңай болып жатқан жоқ. Ауылдан ағылған жұрт қаланы тығырыққа тіреуде. Сөзіміз жалған болмасын, мысалға жүгінелік. Елімізде 2015 жылы үш ауысымда оқытатын білім ұялары 87 болса, қазір 130-ға жетіпті. Кей деректерде 188 делінеді. Ал Астанада бұл көрсеткіш бұрын 3 мектеп еді, енді 27-ні құрапты. Есесіне ауылды жерлердегі мектептер қысқару үстінде. Биыл Солтүстік Қазақстан облысында 20 шағын мектеп жабылып қалғаны сөзімізге дәйек. Отанымыздағы 1523 ауылда мектеп болмағандықтан 30 мыңнан астам оқушы көрші ауылдарға барып білім алуға мәжбүр. Төрт пәнді ағылшын тілінде оқыту жайының да күмән мен күдігі аз болмай тұр. Басты күдік «тілі қатып» қалған ересек мұғалімдерді қысқа мерзімде оқытып, содан олар биология, химия, тағы басқа пәндерден сабақ беріп кетуі қалай болар екен?

Биылғы басты жаңалық – бір замандары сыбайластар тырп етпейтін болады, әділдік салтанат құрады, жүзден жүйріктерге жол аштық деп жар салған ҰБТ-ға енген өзгерістер дер едік. Сол өзгерістер бойынша талапкерлер сынақ тапсырды. Сынақтың нәтижесіне келсек, өтініш берген 92 827 үміткердің 88 583-і емтихан тапсырып шықты. Еліміз бойынша орташа балл көрсеткіші 80,5 пайыз болды. Былтыр бұл 81 пайызды құраған еді. Емтиханға қатысқан 14066 талапкер 50 балдық көрсеткішті бағындыра алмады. ҰБТ-ға қатыспаған қаншама мыңдаған баламен бірге 14066 бала білімінің төмендігі кімді де болса ойландырмай қоймайды. Бұрын олимпиада, халықаралық ғылыми жоба жарыстарына қатысып, жүлдегер деп танылған талапкерлер ҰБТ-ға бармай бірден грантқа ие болатын. Биыл олар да ҰБТ-да бақ сынады. Мұны құптауымыз керек. Өйткені түрлі жолдармен жеңімпаз атанып оқуға түсетіндерге тосқауыл қойылды.

Енді Білім және ғылым министрі берген кейбір деректерге үңілер болсақ, елімізде 9828 балабақша жұмыс істеп, онда 862,3 бүлдіршін тәрбие алып, білім үйреніп жатыр екен. Бұл балабақшалардың 3058-і жекеменшік болып есептеледі. Оларда қызмет ететін 90 мың педагогтың 98 пайызының білімі жоғары. Шығыс Қазақстан, Қызылорда, Павлодар облыстары балабақшамен толық қамтамасыз етсе, 9 облыс 90 пайызға қамтыды. Төрт облыс республикалық деңгейден төмен көрсеткіште көрінеді. Орта білім саласы бойынша елімізде 7414 мектеп жұмыс істеп, онда 3,05 миллион бала білім алуда. Оларға сабақ беретін 11 мың ұстаз өз білімін көтеріпті. 70 мың мұғалім ағылшын тілінен білім жетілдіріпті. Кәсіптік білім берумен елімізде 824 колледж жұмыс жасап жатса, оның мемлекетке тиесілісі – 476, ал жекесі – 344. Онда білім мен тәжірибені ұштастырып жатқан студенттер – 489,2 мың. Әрбір оқушыға жұмсалатын ақша 393,4 теңгені құрапты. Ал студенттердің стипендиясы – 16759 теңге. Елімізде жоғары оқу орындарының ұзын саны 130 десек, онда 514 465 студент жоғары білім алып жатса, оның 477 081-і бакалавриатта, 33 212-сі магистратурада, 3 452-сі докторантурада оқып жүр. Биылғы мемлекеттік грант 37 932-ні құрағаны белгілі. Назарбаев университетіне осы мемлекеттік гранттың 475-і бөлінген.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Ұлттық ғылым академиясының 70 жылдығында сөйлеген сөзінде «Соңғы үш жылда ғылымға 100 миллиард теңге бөлінді. Алдағы уақытта бұл ұстанымнан айнамай, ғылымның қарқынды дами беруіне жағдай жасай беретін боламыз», деген еді. Шынында, еліміздегі 383 ғылыми мекемелердегі жұмысты қаржыландыруға биыл 40,8 миллиард теңге бөлініпті. Өткен жылғы көрсеткіш 38,1 миллиард болатын. Осының нәтижесінде көптеген ғылыми жаңалықтардың ашылуына мүмкіндік жасалуда. Шетелдермен қарым-қатынас та өз нәтижесін беріп келеді. Ғалымдарымыздың ашқан жаңалықтары айналымға ене бастапты. Қорытындылай келгенде айтарымыз, ғылым мен білімдегі жұмыстың нәтижесі құпталса, жаңашылдық жақсы қорытынды берері дау тудырмайды. Мұны өркениетті елдердің өсу жолынан айқын аңғарамыз. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қазба байлығы жоқ болса да ғылым мен білімді терең меңгерген елдердің ақыл-оймен өркениет көшінің алдында келе жатқанын қадап айтуы тегін болмаса керек.

Сүлеймен Мәмет